

употреблением дозу растворяют в 1 л воды. Определите массовые доли всех компонентов порошка «Регидрон» в полученном растворе.

10. Метан является главной составной частью природного газа. Образуется при медленном разложении растительных остатков на дне болот, за что, получил название «болотный газ». Используя рисунки, отражающие состав молекулы данного вещества, определите соотношение числа атомов в молекуле и выведите формулу метана.

11. При каждом дыхательном движении человек пропускает через легкие в среднем 500 см^3 воздуха. Выдыхаемый воздух со. держит 16% кислорода (на 4 % меньше вдыхаемого). Рассчитайте, сколько кислорода потребляет ученик, класс (40 учащихся) за урок, если один ученик делает в 1 мин 18 дыхательных движений.

При систематическом выполнении, а затем и конструировании практико-ориентированных задач повышается интерес к предметам естественно-математического направления, повышается учебная мотивация, формируется креативность и нестандартное мышление, наблюдается творческое самовыражение, что приводит профессиональной ориентации школьников.

Литература:

1. Леонтьев Д.А., Овчинникова Е.Ю., Рассказов Е.И., Фам А.Х. М.: Смысл, 2015.
2. Аликберова Л. Ю., Рукк Н. С. Полезная химия: задачи и истории - М.: Дрофа, 2005.
3. Кендиван О. Д.-С. Об особенностях практико-ориентированных учебных задач// Химия в школе, 2009, № 6, с. 39-42.
4. Пичугина Г.В. Химия и повседневная жизнь человека. - М.: Дрофа, 2004.
5. Демьянков Е.Н. Биология в вопросах и ответах – М.: Просвещение, 1996.

Жұмабек А.Қ., Абдикалыков К.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін, талантын ашу мақсатында олардың креативті ойлауын қалыптастыру қажеттігі негізделі берілген. Креативті ойлауды дамытатын қолайлы шарттар ұсынылған. «Әдебиеттік оқу» пәні мазмұнындағы функционалдық сауаттылықты қалыптастыратын тапсырмалар ойын сипатында берілген. Күрделі мәселенің стандартты емес шешімін таба білетін, креативті ойлауға қабілетті тұлғаны дамытудың және тәрбиелеудің тиімді жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: Функционалдық сауаттылық, «Әдебиеттік оқу» пәнінің сабақтары, бастауыш мектеп оқушысы, креативті ойлауды дамытудың шарттары, креативті ойлауды қалыптастырудың тиімді тәсілдері, танымдық ойындар, зияткерлік-шығармашылық тапсырмалар.

Функционалдық сауаттылық – адамның әлеуметтік өміріндегі тұрмыстық жағдаяттарда тұрақты түрде кездесетін, күнделікті тіршіліктің сан қилы саласында қайталанатын қиындықтарды көбінесе қолданбалы білім негізінде шешуге қабілеттілікпен сипатталатын білімділіктің деңгейі. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары:

- оқу сауаттылығы;
- математикалық сауаттылық;
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- қаржы сауаттылығы;
- ғаламдық құзыреттіліктер;
- креативті ойлау.

А.А. Леонтьев берген анықтамаға жүгінсек, «Функционалды сауатты адам – өзінің бар ғұмырында жинақтаған білімін, бейімділігі мен дағдыларын адам қарекетінің барлық тыныс-тіршілігінде, тілдік қарым-қатынасы мен әлеуметтік байланыстарында болуы мүмкін күрделі мәселелердің кең ауқымын шешуге қолдана алатын тұлға» [1].

Қазіргі кезде құбылмалы заманның талабына сәйкес келешек ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылуда. Адамзаттың тағдырын шешетін ғаламдық өзгерістерді жаны-тәнімен сезінетін, оны біржақты шешуге жетелейтін күреске дайын белсенді, әрі шығармашыл

тұлғаны тәрбиелеу басымдылыққа ие болуда. Ендеше, қоғамға осынау болашағы бұлыңғыр келешек өмірде қиыншылық туғызар тығырықтан шығатын жолды көрсетуге бейім, алдын терең болжай алатын, жаттанды емес, тың шешімдерді қабылдауға қабілетті адамдардың қажеттілігі түсінікті. Осыған орай қазақ елінде белсенді, бастамашыл азаматтарды тәрбиелеу міндеті жүктелген білім беру ошақтарының маңыздылығы арта түспек. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оларды оқыту барысында барынша ниеттендіру керектігін сезінеміз [2].

Мектепте оқытудың барлық кезеңдерінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін үнемі жетілдіру жүзеге асырылуға тиісті. Дегенмен бастауыш мектепте креативті ойлауды қалыптастырудың жөні ерекше, өйткені осы кезеңде оқу-танымдық және басқарылатын шығармашылық қарекет негізделі қаланады. Кіші сыныптарда оқушыларды дамыта оқыту – олардың шығармашылық қабілеттерін толыққанды ашуға жетелейтін, жарқын болашаққа бастайтын бағдаршам іспеттес.

Бастауыш мектептегі «Әдебиеттік оқу» пәнінің сабақтары оқушылардың креативті ойлауын тиімді дамыта алады, себебі балауса оқырман үшін шынайы өмірдің әрқилы оқиғаларын, деректері мен құбылыстарын көркем сипаттайтын әдеби әлеммен қауышу және беймәлім жаңа дүниенің бейтаныс құраушыларын өз бойына сіңіру креативті ойлаудың сан-салалы дамуына сай келетіні ақиқат.

Аталмыш мәселе қарастырылатын бағыттың өзектілігі соншалық, кейбір бастауыш сынып мұғалімдері баланы оқи білуге үйретуді өзінің ең басты парызы санайды. Әрине, балаға осы тұрғыдан талап қоюдың керектігін түсінеміз, дегенмен бүгінгі қоғам үшін баланың ашылмаған таланты, шығармашылық дағдысы күн тәртібінің аса маңызды мәселесі саналуда.

Нақ осы «Әдебиеттік оқу» пәнінің сабақтарында оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол.

Кіші сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда дамытуға қатысты педагогикалық міндеттердің ең бастыларының бірі, әрі бірегейі – олардың ассоциациялық, диалектикалық және жүйелі ойлауын қалыптастыру, бұл өз кезегінде бейімделгіштік, бірегейлік және өнімділік сияқты ерекше қасиеттерді дамытуға бағыттайды. Әсіресе аса маңызды саналатын ассоциациялық ойлау бір қарағанда өзара ешбір ұқсастығы байқалмайтын заттар мен құбылыстардың байланыстары мен ортақ белгілерін көре білу қабілетін сипаттайды. Бұл қасиеттің оқушы бойынан табылуы қажетті ақпаратты еске шапшаң түсіруге де мүмкіндік туғыза алады [3].

Креативті ойлауды дамыту үшін оның қалыптасуына ықпал ететін, қандай да бір қолайлы шарттардың сақталуы қажет болмақ:

1) баланың өз құрбыластарынан оза дамуын жеделдететін шығармашылық хал-ахуалдың орын алуы;

2) оқушының өзіне ұнаған бір іспен ұзақ уақыт бойына айналысуына, сүйкімді іс-әрекеттерді кезекпен алмастыруына, таңдауына еркіндіктің берілуі;

3) кіші мектеп оқушысының күш-жігерінің барынша жұмсалуды талап ететін күрделі міндеттерді өз бетімен орындауына мүмкіндіктің туғызылуы;

4) ересектердің мәселені ұтымды шешудің бір жолы ретінде үйлесімділікпен бірлескен (дұрыс шешімді нақты айтып жіберу емес) қамқорлық көмегі және тағы сол сияқтылар [4].

«Әдебиеттік оқу» пәнінің сабақтарында оқушыларда креативті ойлауды қалыптастырудың көптеген тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тәжірибе барысында өзінің тиімділігін көрсеткен тәсілдер де баршылық.

«Әрбір әріп мәнді» ойынында берілген сөздің әрбір әрпіне сөз ойлап табу талап етіледі. Мысалға: «қазақ» – қымыз, айтыс, зауыт, аламан, қамшы. Бірнеше рет жаттыққаннан кейін кез келген сөзді айта салмай, өзара үйлескен сөйлем құрауға дейін жетілдіруге әрекет те жасалады: «қазақ» – қалтамдағы ақшам зат алуға қажет.

Аукцион-ойын: «таңертең», «талтүс», «кешқұрым», «түн» сөздеріне қатысты ең көп сөз айтқан жеңіске жетеді [5].

«Сөздік құрастыру» ойынында оқушыларға «ата», «әже», «әке», «ана» ұғымдарына, сондай-ақ мамандықтарға қатысты: мұғалім, дәрігер, құрылысшы, ұшқыш, спортшы және т.с.с. сөздік құрастыру ұсынылады.

«Назарға іліккендер» ойынында жер бетіндегі, ғимараттың әрбір қабатында орналасқандардың, өзіұшақта, ғарыштағы адамның не көретінін айтып беру сұралады. Жылдың басы қалайша кішкентай тышқан болғандығын талқылауға болады.

«Несімен ұқсас және несімен ерекше?» ойынында қолдануға мысал болатын сөздер: төсек және төсеніш, жел мен құйын, қар мен қырау, көң және топырақ, тағы басқа да сол сияқты түбірі бір болғанмен мағынасы бөлек, түбірі бөлек болғанына қарамастан мағынасы бір сөздер.

«Сөйлемді жалғастырыңыз» ойыны: «Егер мен билеуші болсам, мен онда ...», «Менің ойымша, ақиқат пен өтірік...», «Бақытты өмір – ...», «Менің мамандығым ... болғанда, ...» [1].

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту барысында зер салуды, байқампаздықты, жадыда сақтауды дамытатын психологиялық ойындар да қолданылады. «Айнадағы кескін» ойынында дене шынықтыру сабағындағы мұғалімнің топ алдында жасаған жаттығуларын қайталағандай әсерге бөленуге болады. «Айна» міндетін атқарушы оқушының барлық дене қимылы мен бет әлпетінің өзгерісін: күлімсіреуін, қабағынын түйілуін, көзін сығырайтқанын, әбіржігенін және басқа да әрекеттерін әріптесі «кескін» ретінде қайталауға міндетті.

«Мылқау кино» ойынында балалардың бір тобы дыбысталмаған сюжетті құрастырса, екінші топ оның сөзін дыбыстауға тырысады.

«Өзімен сөйлесу» ойынында өзі таңдап алған тірі немесе өлі табиғат өкілімен пікірлеседі. Кейіпкер ретінде өзі ұстап алған кезде байқаусызда қанаты қайрылып, ұша алмай қалған көбелек, аяққа оралғандықтан тебіліп кеткен мысық, жемісін шайқап түсірмекші болған кезде бұтағы майысып кеткен ағаш таңдалынып алынуы мүмкін. «Сапар мен парта» мысал өлеңінде керісінше парта шағымданады, оған Сапардың берер жауабы қандай боларын болжаңыздар.

Креативті ойлауды дамыту үшін зияткерлік-шығармашылық тапсырманы орындау да тиімді болатынын байқадық. «Өзгеше декламация» ойынында өзіне ұнайтын тапқыты немесе өлеңді қатты қорыққандай, ащы сусын ішкендей, тісі ауырсынғандай, шаттана қуанғандай, ықылық атқандай сипатта оқу ұсынылады.

Әдеби талғамды және логикалық ойлауды дамыту мақсатында мақал-мәтелдерді зерделеу кезінде «Мақал-мәтелді жинақта» ойыны ойналады: таныс мақал-мәтелдегі сөздердің орындары ауыстырылып берілгендіктен, оны өз орындарына қойып, бастапқы күйге қайтару керек. Мысалға: бұлағы білім оқу, өмір шырағы білім. Балалардың айтқан барлық ұсыныстары тыңдалып, дұрысы таңдалып алынады [1].

Шығармашылық қиялдауды дамытатын «Мақал-мәтелдің суретін сал», «Мақал-мәтелді сұлбемен кескінде» жаттығулары орындалған кезде үйреншікті емес құрал-жабдықтардың қолданылғаны жөн.

«Мақал-мәтелге ескерткіш» тәсілінде сүйікті мақал-мәтелдің мәңгілік есте қалуына арналған ескерткішті жасақтап, орнатумен айналысамыз. Мысал ретінде алынуға тиісті мақал-мәтелдер: «Не ексең, соны орасың», «Оқыған озар, оқымаған тозар», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» [5].

«Сөзбен суреттеу» тәсілінде оқушылардың оқылған мәтінге эмоциялық сезім білдіру қабілеті дамытылады. Мәтінді оқып шыққаннан кейін көңіл-күйдің қаншалықты қабылданғанын айқындап, оны одан әрі күшейту мақсатында мынадай сұрақтарға жауап ізделінеді: «Мәтін оқылғанда жан дүниеңізде қандай толқу сезілді: таң қалу, қуаныш, шаттану, қапалану», «Ерекше әсемдікке құлай сүйсінген автордың өз қуанышын жеткізу үшін айтқан сөзіне мән беріңіз», «Мәтіннен автордың көңіл-күйін білдіретін сөзді тауып көріңіз».

«Мен өзімді таныстырамын» тәсілінде жаңа әдеби кейіпкермен танысудың алдында оқушылар өзін ертегідегі достарына жақсы қырынан көрінуге тырысады. Бұлайша жасалған әрекет барысында оқушы шығармашылық дағдысын дамытады, шешендік дағдысын жетілдіреді, монологтық сөз дайындайды, осылайша өзінің жеке көзқарасын дәлелмен, бірізді, сауатты, логикалық баяндауға бейімделеді.

Жағдаяттық байланыстарға қатысты тапсырмаларды орындау үшін оқушыларға екі сөз ұсынылады. Ол сөздердің мағынасы әртүрлі болғанына қарамастан осы заттардың өзара байланыстылығын білдіретін мысалдарды көбірек іздеп табу керек. «Әдебиеттік оқу» пәнінің тақырыбына қатысты екі сөзді салыстыра талдаған оқушылар марапатқа лайық саналады.

Креативті ойлауды дамытуға әр ұлттың халық ертегілерін қолдану да артықтық етпейді. «Ертегіні құрастыру» тәсілінде ертегішілер рөліне енуші балаларға мынадай тапсырма беріледі:

1. Ертегідегі тірек сөздерді ерекшелеп, бөліп қарастырыңыздар.

2. Ертегінің сиқырлы жұмбағын шешу үшін осы тірек сөздер арқылы оның аталуын, авторын еске түсіріңіздер.

«Ертегіні тірек сөздер арқылы құрастыру» тәсілінің тиімділігі «ертегілік мәселені» шешу барысында айқындалады, онда ертегінің мазмұны ешбір өзгеріссіз немесе мейлінше аз өзгеріспен беріледі. Креативті ойлауға жетелейтін сұрақтардың түрлері:

- «Ақылды аспаз» молдаван ертегісінде аспаз қожайынына қойдың тілінің орнына жүрек немесе ми асып берсе, оны қалай түсіндіруге болады?

- «Сатылған көлеңке» ұйғыр ертегісінде шаруа байдан көлеңкені күн бұлттанған сәтте немес күн еңкейгенде сатып алғса, бағасы қалай өзгерер еді?

- «Мысық пен тышқандар» ертегісінде бір мысыққа қанша тышқан жабылса жеңер еді?

«Кері ақтарылған ертегі» тәсілі: ертегілік сөз немесе мазмұн қолданылған ертегі құрастырыңыз: Кішкентай робот туралы ертегіде ол қайырымдылығы үшін қайта жаңғыртыла жөнделіп, ешкімге бағынбайтын күш иесі болып кетсе не болар ма еді? «Бақыт» деген - не?» ертегісіндегі бозбала екі бүйрегі істемей қалған әкесіне бір бүйрегін сатар ме еді? [6].

«Ертегіні не басынан немесе аяғынан қайта құрастыру» тәсілі: балалар ертегі кейіпкерімен, қандай да бір оқиғамен танысқан, олар оның жалғасын өздері ойластыруы керек. Мысалға, басқаша ұқсастыра құрастыру, ертегі және музыка, бастапқы сөйлемдеріне қарай ертегіні одан әрі жалғастыру.

Оқушылардың толығымен өздерінің өзгеше ертегісін құрастыруы қиын, мұнда олардың барлығы ойдан шығарылады: оның аталуы, кейіпкерлер, мазмұн.

«Ертегі сөздігін» құрастыру тәсілінде балалар ертегіде айтылған сөздерді, ондағы киімді, қолданылған заттарды, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді жазып отырады.

«Еркін сөйлеу» тәсілінде оқушыларға өзін ертегі кейіпкері сезініп, мәжілісте өзінің құқығының шектелгендігі жәйлі айтуы сұралады.

«Әдебиеттік оқу» сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын жетілдіру үшін салыстыру, ұқсастыру, бейнелі теңеу, басқаша айту арқылы түсініктердің аражігін алшақтату және нақтылауға бағытталған жаттығулар қолданылады. Бұл «Қобыланды батыр», «Тайбурылдың шабысы» батырлар жырында немесе «Зерделі» аңыз әңгімелерде қолданыс табады.

«Тақпақтағы немесе өлендегі бейнелі сөзді іздеп табындар» және «Теңеуді және оны анықтайтын сөзді тауып көріңіздер» деген тапсырмалар да орындалды. «Берілген сөзге ұқсас теңеу сөзді таңдап алып оны автор сөзімен салыстырыңыздар» тапсырмасы: Ә.Тәжібаевтың «Толағай» өлеңінде бәденді әйел «Айсұлуды» «ақ маралға» теңейді [6].

Ғаламдастыруға жетелейтін ғылыми-техникалық саланың қарыштап дамуы күрделі мәселенің стандартты емес шешімін таба білетін, креативті ойлауға қабілетті адамдарды дамытуды және тәрбиелеуді қажет етуде.

Сыртқы әлеммен үнемі тығыз байланыстағы, креативті ойлайтын адам кез келген жаңашылдықты жатсынбайды, әрі өзі де қоршаған әлемді өзгертуге барынша тікелей белсенділікпен араласады.

Әдебиеттер:

1. Формирование креативного мышления как элемента функциональной грамотности на уроках литературного чтения в начальной школе. Формирование функциональной грамотности обучающихся как механизм повышения качества образования и конкурентоспособности системы образования. Под общей редакцией Тхаговой Ф.Р. – Майкоп: АРИПК, 2022. – 183 с.

2. Юскова Е. А. Развитие творческих способностей младших школьников на уроках литературного чтения / Е. А. Юскова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2019. – № 30 (268). – С. 133-136. .

3. Васильева Е. А. Теоретические аспекты развития творческого мышления в младшем школьном возрасте [Электронный журнал] / Е. А. Васильева // Молодой ученый. – 2015. – № 11.

4. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности / раздел 1, гл.1. – Санкт-Петербург: Питер, 2011. – 23 с.

5. Қабатай Б.Т., т.б.«Әдебиеттік оқу» Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б. – Б. 75-77.

6. Мүфтибекова З., т.б.«Әдебиеттік оқу» Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 144 б. – Б. 75-77.